

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі
№ 26 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л г е н

2018 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 12 желтоқсанындағы № 37 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2018 жылдың 13 желтоқсанынан бастап қолданыға енгізілді.

2. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылдың 29 қаңтарындағы № 5 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2019 жылдың 30 қаңтарынан бастап қолданыға енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа" жарғысына сәйкес әзірленіп, Биржаның сауда-саттық жүйесінде өткізілетін, деривативтер нарығындағы туынды қаржы құралдармен сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бап. Негізгі түсініктер мен шартты белгілер

1. Осы Ережелерде, Қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде (бұдан әрі – Клиринг ережелері), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған, түсініктер мен терминдер пайдаланылған.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) банктік шот деп клирингілік қатысушының қазақстандық теңгедегі банктік шотын түсіну керек, осы банктік шот осы клирингілік қатысушының нетто-талаптарын төлеу үшін Биржадан келіп түсетін ақшаларды аудару үшін қолданылады;
 - 2) кепілдік жарна деп клирингілік қатысушының деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қорына жарнасын түсіну керек;
 - 3) қамту деп, клирингілік қатысушының, кепілдік жарнадан басқа, Биржаның корреспонденттік шотына аударған, қазақстандық теңгені түсіну керек;
 - 4) есептесу деп қазақстандық теңгемен жасалған төлемдерді түсіну керек:

Клирингілік қатысушылардың Биржаның пайдасына олардың Биржаның алдындағы нетто-міндеттемесін орындауға орай;

Биржаның клирингілік қатысушылардың пайдасына олардың Биржаға нетто-талаптарын орындау аясында;

"жартылай қамтылған" санатындағы клирингілік қатысушылардың Биржаның пайдасына олардың маржалық қамту бойынша міндеттемесін орындау аясында;

клирингілік қатысушылардың осының алдында Биржаның корреспонденттік шотына маржалық қамту ретінде аударған ақшаларын қайтарғанда, Биржаның клирингілік қатысушының пайдасына аударатын ақша;

Биржаның корреспонденттік шотына осының алдында аударған ақшаларды сақтау туралы өтініш берілген, клирингілік қатысушылардың Биржаның корреспонденттік шотына аударған ақшаларды қайтарғанда, клирингілік қатысушының пайдасына аударылатын ақша;
 - 5) мәміле деп, деривативтер нарығының туынды қаржы құралдарымен Биржаның саудасаттық жүйесінде жасалған, мәмілелерді түсіну керек.
3. Осы Ережелерде пайдаланылған, өзге түсініктер мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған түсініктер мен терминдерге ұқсас.

2 бап. Есептесулер туралы жалпы қағидалар

1. Клирингілік қатысушылар үшін деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асыруға негіз бола алады:

Клиринг ережелеріне сәйкес қалыптастырылған және клирингілік қатысушыларға ұсынылған, клирингілік есептер;

клиринглік қатысушылар Биржаның корреспонденттік шоттарына жасасуға жоспарлаған мәмілелердің қамтуы ретінде ақша аударғанда – клиринглік қатысушылар дербес түрде анықтайтын, құжаттар.

2. Биржа үшін деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуларды Биржаның есептесу бөлімшесінің жүзеге асыруына негіз бола алады:

Клиринг ережелеріне сәйкес қалыптастырылған және клиринглік қатысушыларға ұсынылған, клиринглік есептер;

Осы Ережелердің 5 қосымшасында берілген нұсқа бойынша құрастырылған, және клиринглік қатысушының трейдерімен қол қойылған, клиринглік қатысушылардың маржалық қамтуды қайтаруға, немесе Биржаның сауда-саттық жүйесіне өтінім беру үшін немесе қате аударым ретінде аударылған, осы ақшаға қатысты клиринглік қатысушы Биржаға осы ақшаның Биржаның корреспонденттік шоттарында сақталуы туралы осының алдында өтініш берген, ақшаны қайтаруға өтініштері.

3. Биржа есептесулерді "төлемге төлем" тәртіптемесінде жүзеге асырады, бұл тәртіптеме Биржа клиринглік қатысушының нетто-талабын осы клиринглік қатысушы, Клиринг ережелеріне сәйкес анықталған, Биржаның алдындағы қарсылама міндеттемесін (бар болса) толық орындағаннан кейін орындауын тұспалдайды.
4. Клиринглік қатысушы есептесуді жүзеге асырғанда Биржаның корреспонденттік шотына қазақстандық теңгенің аударылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Биржа корреспонденттік шотқа клиринглік қатысушының ақшасы аударылғанын растау үшін банк-корреспонденттің құжаттарын ғана басшылыққа алады. Клиринглік қатысушының осындай растау ретінде ұсынған, құжаттары Биржамен қабылданбайды және қарастырылмайды.

5. Биржаның корреспонденттік шотына клиринглік қатысушылардан нетто-міндеттемелерді төлеу, қамтуды аудару, маржалық қамту немесе кепілдік жарналарды аудару бойынша талаптарды орындау үшін келіп түсетін, ақшаның бөлек ішкі есепке алуы мақсатында, клиринглік қатысушылар төлем құжаттарында төлем түрін белгілейтін, арнайы кодтарды белгілеуі тиім. Осындай кодтардың тізімі осы Ережелердің 1 қосымшасында анықталған.
6. Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесулер Астана қаласының уақытымен жүзеге асырылады. Осы Ережелердегі уақыт белгілері Астана қаласының уақытымен берілген.

3 бап.

Биржаның корреспонденттік шоты

1. Биржа Ұлттық Банктігі қазақстандық теңгедегі корреспонденттік шотты деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесу үшін, сондай-ақ клиринглік қатысушылардың кепілдік жарналары мен маржалық қамтуларын сақтау үшін пайдаланады.

Биржаның корреспонденттік шоттарының деректемелері Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

2. Биржаның корреспонденттік шотының деректемелері өзгерген жағдайда Биржа клиринглік қатысушыларға электронды пошта арқылы жеке хабарламалар жолдау арқылы және Биржаның интернет-сайтында тиісті ақпараттық хабарламаларды және корреспонденттік шоттардың өзгерген деректемелерін жариялау арқылы хабарлайды.

4 бап. Клирингілік қатысушылардың банктік және корреспонденттік шоттары

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе екінші деңгейдегі банктерінде ашылған, меншікті банктік немесе корреспонденттік шоттарды клирингілік қатысушылар Биржадан келіп түсетін қазақстандық теңгелерді аудару үшін қолдануға құқылы.
Клирингілік қатысушылар жеке банктік немесе корреспонденттік шоттарды есеп айырысуларды жүзеге асырып, меншікті және клиенттік ақшаларды есепке алу үшін.
2. Клирингілік қатысушылар, Биржаның клирингілік қатысушылардың нетто-талаптарын төлеу бойынша және Биржаның осы клиенттерне қамтуларын қайтаруы үшін қазақстандық теңгені аударуына арналған, осы Ережелердің 2 қосымшасындағы нұсқа бойынша, банктік шоттардың деректемелерін Биржаға ұсынуға міндетті.
3. Клирингілік қатысушылар Биржаға осы баптың 2 тармағына сәйкес берілген өздерінің банктік немесе корреспонденттік шоттарының деректемелері өзгергенде немесе олар жабылғанда, дереу Биржаға хабарлауы тиіс.
4. Клирингілік қатысушы өзінің банктік және корреспонденттік шоттарының расталмаған деректемелерін ұсынғаны үшін, сондай-ақ осы баптың 3 тармағында белгіленген, міндеттемелерді бұзуының салдары үшін, соның ішінде Биржаның осындай расталмаған деректемелерді қолданумен байланысты, Биржаның мүмкін болатын шығындары үшін толық жауапты болады.

5 бап. Клирингілік қатысушылардың Биржа пайдасына төлемдері

1. Биржаның алдында және/немесе маржалық қамту бойынша нетто-міндеттемесі бар, клирингілік қатысушы осындай міндеттемені төлеу мақсатында, осы міндеттеме туындаған күннің сағат 17.15 кешіктірмей Биржаның корреспонденттік шотына қазақстандық теңгені аударуды қамтамасыз етуге міндетті.
2. Клирингілік қатысушы Биржаның корреспонденттік шотына маржалық қамтуды қалыптастыру мақсатында (осы баптың 1 тармағында аталған, міндеттемелерді орындаудан басқа) теңгені деривативтер бойынша сауда-саттық басталғанға дейін, сондай-ақ осындай сауда-саттық күнінің барысында паударуға құқылы
3. Есеп айырысуды жүзеге асырғанда клирингілік қатысушыға Биржаның пайдасына төлемдерді жүргізуді оның филиалдарына, еншілес ұйымдарына немесе кез келген басқа да тұлғаларға тапсыруға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген тыйым, клирингілік қатысушы дербес түрде Биржаның алдында өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Биржа Басқармасы Төрайымының немесе, есептесу бөлімшесінің жұмысына жетекшілік ететін, Басқарма мүшесінің жазбаша рұқсатымен қолданылмауы мүмкін. Бұл жағдайда клирингілік қатысушы өзінің міндеттемесін орындау мүмкін еместігінің себептерін сипаттайтын, өтінішті, сондай-ақ клирингілік қатысушының міндеттемесін орындау бойынша төлемді жүзеге асыратын, заңды тұлғаның атауы мен банктік деректемелерін көрсетіп, өтініш беруі тиіс. Өтінішке, Биржаға ұсынылған қолдардың үлгілеріне сәйкес, осы клирингілік қатысушының атынан бірінші қол қою құқығына ие, тұлғаның қолы қойылуы тиіс.

6 бап. Биржаның клирингілік қатысушының пайдасына төлемдері

1. Биржа, осы баптың 2 тармағында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен, есеп айырысу күннің сағат 18.00-ге дейін Биржаға қойылатын нетто-талаптарды орындау мақсатында клирингілік қатысушыларға қазақстандық теңгені аударуға өкім беруге міндетті.
2. Биржа, қандай да бір клирингілік қатысушы Биржаның корреспонденттік шотына уақытылы аудармауы немесе Клирингілік ережелерге сәйкес жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін реттеу процедураларын өткізген жағдайда, осы баптың 1 тармағында белгіленген, уақыттан кейінірек жеке өкім (жеке өкімдер) беруге құқылы.
Жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін реттеу процедураларды ағымдағы есеп айырысу күні өткізілген жағдайда, Биржа Клирингілік ережелерде анықталған, нетто-талаптардың көлемінде клирингілік қатысушыларға қазақстандық теңгені аударуға өкім (өкімдер) береді.
3. Биржа клирингілік қатысушыға оның осының алдында Биржаның корреспонденттік шотына аударылған, ақшаларды аударуға, егер осындай талап клирингілік қатысушының өтінішімен рәсімделсе, (осы баптың 4 және 5 тармағында белгіленген, шектеулерді ескерумен) талабын орындау мақсатында, өзінің корреспонденттік шотынан қазақстандық теңгені аударуға өкім беруге міндетті.
4. Осы баптың 3 тармағынша белгіленген, өтініштерді аланда, Биржа оларды, осы Ережелердің 7 баптарда белгіленген, шарттарға сәйкестігіне тексереді. Биржа осындай өтініш осы Ережелердің 7 бабында белгіленген, шарттардың кез келгеніне сәйкес болмаған жағдайда, өтінішті қабылдаудан бас тартуға міндетті.
5. Биржа өз корреспонденттік шотынан қандай да бір клирингілік қатысушыға, осы Ережелердің 5 қосымшасындағы нұсқа бойынша толтырылған, өтінішке сәйкес, ағымдағы жұмыс күннің соңғы клирингілік сессиясы аяқталғаннан кейін және, Клиринг ережелеріне сәйкес қалыптастырылған, есеп айырысу нетто-міндеттемелерінің қорытынды жиынтық ведомостін алғаннан кейін, осындай жиынтық ведомостінің мәліметтері осы клирингілік қатысушыға өтініш бойынша ақша қайтару, Клиринг ережелеріне сәйкес қамтудың жеткіліктілік мәнінің теріс мәнге әкеп соқтырмайтынын растау шартымен, ақша қайтару ретінде қазақстандық теңгені аударуға өкім беруге құқылы.
6. Биржаның клирингілік қатысушының пайдасына қандай да бір күндегі төлемінің сомасы осы клирингілік қатысушының, орындау мерзімі осы күндегі және/немесе алдыңғы күндердегі, Биржаның алдындағы орындалмаған нетто-міндеттемесінің сомасына, сондай-ақ осы Ережелердің 3 қосымшасындағы нұсқа бойынша берген қазақстандық теңгені Биржаның шотында қалдыру ниеті туралы өтінішіне сәйкес клирингілік қатысушының нетто-талаптарын құрайтын немесе осындай нетто-талабының бір бөлігінің сомасына азайтылады.
Осы тармақтың бірінші абзацында аталған өтінішке клирингілік қатысушының трейдері қол қойылып, есептесу күнінде сағат 16.00-ден кешіктірмей Биржаға ұсынылуы тиіс. Аталған уақыттан кейін берілген өтініш, Биржаның Басқарма Төрағасының немесе есептік бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін, Биржаның Басқарма Төрайымының орынбасарының жазбаша рұқсатымен, қабылдануы мүмкін.
7. Осы баптың 6 тармағында берілген өтініш "eTransfer.kz" ақпараттар ұсыну жүйесінде электронды цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен электрондық түрде немесе, клирингілік қатысушының кабинеті функциясын атқаратын,

Биржаның web-қосымшасында, немесе қағаздағы құжат ретінде рәсімделіп, Биржаға ұсынылады.

- Егер клирингілік қатысушы, Биржадан келіп түсетін, қазақстандық теңгені аудару үшін бірнеше банктік немесе корреспонденттік шоттарды қолданса, ол биржаға осы Ережелердің 4 қосымшасындағы нұсқа бойынша, қазақстандық теңгені Биржа банктік және/немесе корреспонденттік шоттардың қайсысына аудару қажеттілігін көрсетіп, өкім беруге міндетті.

Әр өкімге клирингілік қатысушының трейдері қол қойып, Биржаға сағат 16.00-ден кешіктірмей ұсынуы тиіс. Аталған уақыттан кейін берілген өкім, Биржаның Басқарма Төрағасының немесе есептік бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін, Биржаның Басқарма Төрайымының орынбасарының жазбаша рұқсатымен, қабылдануы мүмкін.

Осы баптың 4 тармағында берілген өкім "eTransfer.kz" ақпараттар ұсыну жүйесінде электронды цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен электрондық түрде немесе, клирингілік қатысушының кабинеті функциясын атқаратын, Биржаның web-қосымшасында, немесе қағаздағы құжат ретінде рәсімделіп, Биржаға ұсынылады.

- Осы баптың 8 тармағында көрсетілген, өкім, онда көрсетілген деректемелер осы Ережелердің 4 бабына сәйкес клирингілік қатысушы Биржа осының алдында ұсынған, банктік және/немесе корреспонденттік шоттарының деректемелеріне сәйкес болса, қолданыста деп мойындалады.
- Осы баптың 8 тармағында аталған, өкімді осы, баптың 8 тармағының екінші абзаында белгіленген, мерзімде ұсынбаған жағдайда, немесе, осы баптың 9 тармағына сәйкес, осы өкім жарамсыз деп мойындалған жағдайда, Биржаға осының алдында ұсынылған өкімдердің соңғысының күші болады.

7 бап. Клирингілік қатысушылардың ақшаны қайтаруға өтініш беруінің шарттары

- Клирингілік қатысушы Биржаға осы Ережелердің 5 қосымшасындағы нұсқа бойынша, нетто-міндеттемені орындауды ескерумен Клиринг ережелеріне сәйкес өтініш беру күніндегі соңғы клирингілік сессияның нәтижелері бойынша осы клирингілік қатысушыға есептелген, оның қолдаулы және түрлендірілмелі маржасының арасындағы оң мәнінен аспайтындай мөлшерлегі ақшаны қайтаруға өтініш беруге құқылы.
- Осы Ережелердің 5 қосымшасындағы нұсқа бойынша өтініш "eTransfer.kz" ақпараттар ұсыну жүйесінде электронды цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен электрондық түрде немесе, клирингілік қатысушының кабинеті функциясын атқаратын, Биржаның web-қосымшасында, немесе қағаздағы құжат ретінде рәсімделіп, Биржаға ұсынылады.
- Осы баптың қағидалары клирингілік қатысушының кепілдік жарнасы қайтарылған жағдайда қолданылмайды. Кепілдік жарнаны қайтарудың шарттары мен тәртібі Клиринг ережелерінде белгіленген.

7-1 бап. Деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есеп айырысуды жүзеге асырудағы шектеулер

- Клирингілік қатысушы немесе бенефициарлық меншік иесі, қаржылық лаңкестікпен немесе экстремизммен байланысты ұйымдар немесе тұлғалар тізіміне енгізілген жағдайда, Биржа, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет сұрақтары туралы өзінің ішкі құжаттарында ақарастырылған тәртіпте және мерзімде, келесідей іс-шараларды жүзеге асырады:

- 1) деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асырумен байланысты кез келген операцияларды тоқтату арқылы, осындай клирингтік қатысушының ақшаларымен жасалатын операцияларды тоқтатады;
 - 2) осындай клирингтік қатысушының деривативтер нарығында сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүргізу мақсатында берген, өтініштерін және өкімдерін орындауды тоқтатып, қабылдаудан бас тартады.
2. Биржа, осы баптың 1 тармағында белгіленген, клирингтік қатысушымен деривативтер нарығында сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асыру операцияларын, осы клирингтік қатысушы немесе оның бенефициарлық меншік иесі, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, қаржылық лаңкестікпен немесе экстремизммен байланысты ұйымдар немесе тұлғалар тізімінен шығарылған жағдайда, қайта бастайды.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).

8 бап. Клирингтік қатысушының төлеу тәртібін бұзуы

1. Клирингтік қатысушының төлеу тәртібін бұзуы деп мойындалады:
 - 1) осы клирингтік қатысушының Биржаның корреспонденттік шотына есеп айырысуды жүзеге асыру күнінде оның нетто-міндеттемесінің сомасы аудармау немесе толық мөлшерін аудармау;
 - 2) осы қатысушының нетто-міндеттемесінің сомасын Биржаның корреспонденттік шотына есеп айырысу күнінде айдару, бірақ 17.15-ден кейін;
 - 3) осы клирингтік қатысушыға қойылатын, Биржаның маржалық талаптарын төлеу үшін есептесу күнінде ақшаны Биржаның корреспонденттік шотына аудармау немесе толық мөлшерде аудармау.
2. Клирингтік қатысушының төлеу тәртібін бұзуы Биржаның осы клирингтік қатысушының нетто-талаптарын орындамауға және оның ақшаны қайтаруға талаптарын орындамауға шартсыз және жеткілікті негіз бола алады.
3. Төлеу тәртібін бұзған, клирингтік қатысушының Міндеттемелерін реттеу тәртібі Клиринг ережелерінде белгіленген.
4. Төлеу тәртібін бұзғаны үшін клирингтік қатысушы Биржа пайдасына, осындай тәртіп бұзушылық күнінде қолданыста болған, айлық есептік көрсеткіштің 15-еселі көлемінде айыппұл төлеуге міндетті.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 29 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).
5. Осы баптың 4 тармағында белгіленген, айыппұл қазақстандық теңгемен есептеліп, Биржа тиісті шот ұсынғаннан кейін бес жұмыс күн аралығында төлеуге жатады.
6. Төлеу тәртібін бұзған клирингтік қатысушы Биржа Басқармасының шешімімен барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысудан шеттетілуі мүмкін. Шеттету мерзімін Биржа Басқармасы белгілейді.

9 бап. Биржамен клирингілік қатысушының талаптарын орындамау

1. Осы Ережелердің 10 тармағында белгіленген шектеулерді ескерумен, Биржамен клирингілік қатысушының талаптарын орындамау деп саналады:
 - 1) осы клирингілік қатысушының нетто-талабын есеп айырысу күнінде оның банктік және/немесе корреспонденттік шотына аудармау немесе толық көлемде аудармау;
 - 2) клирингілік қатысушының ақшаны қайтару бойынша талабын орындауға жататын соманы аудармау немесе толық аудармау;
 - 3) клирингілік қатысушының талабын төлеуді жүзеге асырғанда оның банктік немесе корреспонденттік шотының деректемелерін дұрыс көрсетпеу.
2. Биржа соның талаптарын орындамаған, клирингілік қатысушы оның участник, требование которого не было исполнено Биржей вправе обратиться в Комиссию по разрешению споров и конфликтов с заявлением о взыскании реально ущерба и/или неустойки.

10 бап. Биржаның жауапкершілігін шектеу

1. Биржа келесілерді аудармау және/немесе толық көлемдеу аудармау үшін жауапты болмайды:
 - 1) клирингілік қатысушының нетто-талаптарын, егер осы клирингілік қатысушы осы күні Биржаның алдындағы өз міндеттемелерін орындамаса;
 - 2) клирингілік қатысушылардың қандай да бір күндегі нетто-талаптарын, егер қандай да бір клирингілік қатысушы осы күні Биржаның алдындағы өз міндеттемесін орындамаса;
 - 3) клирингілік қатысушының нетто-талаптары, егер осы клирингілік қатысушыға, оның бас ұйымына немесе бенефициарлық меншік иесіне қатысты қосымша тексеру және/немесе сәйкестендіру және ақша аудару мүмкіндігін бағалау және басқа да процедуралар өткізіліп, соның салдарынан Биржаның осы клирингілік қатысушыға ақша аударуға тапсырмасын Биржаның корреспондент-банкі орындамаса немесе толық орындамаса.
2. Биржа, клирингілік қатысушылардың талаптарын уақытыл орындау үшін өз құзіреттілігіне жатқызылған, шараларды қолданады.
3. Барлық жағдайда, Биржа төлейтін тұрақсыздық төлемінің көлемі клирингілік қатысушының (клирингілік қатысушылардың) орындалмаған талабының (талаптарының) мөлшері 0,05 %, ал толық орындамау жағдайында тұрақсыздық төлемінің мөлшері орындалмаған бөлікті 0,05 % аспауы тиіс.

11 бап. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп түсіну керек:
 - 1) өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, халық наразылығы, ереуілдер, локауттар, эмбарго, мемлекеттік органдармен орнатылған, өзге де экономикалық санкциялар, тыйымдар және шектеулер;
 - 2) Биржа және/немесе қатысушылар есеп айырысу үшін қолданатын, "Қазақстандық банкаралық есеп айырысулар орталығы" РМК бағдарламалық-техникалық құралдарының бұзылуы.

2. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасынжа аталған, еңсерілмейтін күн жағдайларының бірі туындағанын растайтын және оның ұзақтылығын анықтайтын, құжат Қазақстан Республикасының тиісті (құзіретті) органының немесе тиісті мемлекеттің құзіретті органының (ұйымының) құжаты бойып табылады.
3. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында аталған, еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауын растайтын және оның ұзақтылығын анықтайтын, құжат "Қазақстандық банкаралық есептесулер орталығы" РМК бірінші жетекшісі немесе оның орнындағы тұлға қол қойған анықтама немесе өзге құжат (құжаттар).
4. Еңсерілмейтін күштердың туындауы салдарынан есептесуді жүзеге асыру мүмкін болмаған, тұлға осындай есептесулер шегінде еңсерілмейтін күштер жағдайларының туындауы туралы, оның болжамды ұзақтылық мерзімі және тоқтауы туралы дереу төлем бенефициарларына хабарлауға міндетті.
Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, тұлға клирингілік қатысушы болса, осындай клирингілік қатысушы Биржаға осы баптың 2 тармағында немесе 3 тармағында белгіленген, құжатты алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында Биржаға ұсынуға міндетті.
4. Биржа және/немесе клирингілік қатысушы (қатысушылар) талаптарды және/немесе міндеттемелерді орындау мерзімін бұзғаны үшін, егер осындай тәртіп бұзушылық, тиісті талаптар және/немесе міндеттемелер пайда болғаннан кейін басталған еңсерілмейтін күштер жағдайының салдарынан болып, Биржа және/немесе клирингілік қатысушы (қатысушылар) оның басталуын болжай алмаса немесе алдын ала алмаса, жауапкершіліктен босатылады.
6. Еңсерілмейтін күштер жағдайлар туындағанда есептесулерді жүзеге асыру мерзімдері, осындай жағдайлардың ұзақтылық мерзіміне қарай жылжытылады.

12 бап.

Қорытынды қоғидалар

1. Реттеу тәртібі осы ережелермен және өзге де Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбеген, деривативтер нарығындағы сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асырумен байланысты жағдайлар, сондай-ақ, деривативтер нарығындағы суда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асырумен байланысты, кез келген даулар Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссиясында шешуге жатады. Осындай даулар мен келіспеушіліктер шешілмеген жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
2. Осы Ережелер қажетіне қарай, бірақ кемінде үші жылда бір рет, жаңартылып тұруға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А. Ө.

Деривативтер нарығында
сауда-саттықтар бойынша
есептесулерді жүзеге асыру
ережелеріне

1 қосымша

Деривативтер нарығында сауда-саттықтар бойынша клирингілік қатысушылардың төлемдерін сәйкестендіру үшін арналған арнайы кодтардың

ТІЗІМІ

Код	Кодтың мағынасын ашу	Осы код төлемнің қай түріне қолданылуы тиіс
DVSET	Derivatives Trading Settlements	Түрлендірілмелі маржа бойынша міндеттемені төлеу (сауда-саттықтар бойынша нетто-міндеттеме)
DVMRG	Derivatives Margin	Маржалық жарнаны аудару
DVGFN	Derivatives Guarantee Fund	Деривативтер нарығы бойынша кепілдік жарналарды аудару

Деривативтер нарығында
сауда-саттықтар бойынша
есептесулерді жүзеге асыру
ережелеріне

2 қосымша

Банктік шоттардың Д Е Р Е К Т Е М Е Л Е Р І

(клиринглік қатысушының атауы)	Парақ ¹
	<input type="checkbox"/> Алдында берілгенге қосымша ²
Ұсынудың күні мен уақыты	<input type="checkbox"/> Алдында берілгеннің орнына ²
Банктік шоттардың деректемелері қолданысқа алынған күні	<input type="checkbox"/> Алғашқы рет беріледі ²

Бенефициардың атауы ³	
Банктік шоттың атауы (ЖСК ⁴)	
БСН ⁵	
Бенефициар банкінің атауы ⁶	
банка бенефициар банкінің БСК ⁷	
Кбе ⁸	

¹ "n парақтардың X парағы" форматында.

² Керек нұсқаны × немесе ✓ таңбасымен белгілеу

³ Осы Қосымшада бенефициардеп клиринглік қатысушыны түсіну керек.

⁴ Жеке сәйкестендіру нөмірі болып табылатын, банктік шоттың нөмірі.

⁵ Клиринглік қатысушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

⁶ Клиринглік қатысушының банктік шоты ашылған, банктің атауы.

⁷ Клиринглік қатысушының банктік шоты ашылған, банктік сәйкестендіру коды.

⁸ Бенефициар коды.

[Бірінші жетекшінің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, инициалдары]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, инициалдары]

Қолтаңбалар тексерілді

(Тексерген Биржа қызметкерінің шеке мөртабаны,
тексеру датасы)

Деривативтер нарығында
сауда-саттықтар бойынша
есептесулерді жүзеге асыру
ережелеріне

3 қосымша

Биржаның корреспонденттік шотында ақша сақтау туралы

ӨТІНІШ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клирингтік қатысушының атауы)	Өтініш беру датасы
	Өтініш берілген уақыты
	Қай күннен бастап өтініш қолданыста болады

Осы өтінішпен жоғарыда аталмыш клирингтік қатысушы қазақстандық теңгені "Қазақстан қор биржасы" АҚ корреспонденттік шотында қалдыруға ниет білдіреді:

Ақшаны Биржаның корреспонденттік шотында сақтау мақсаты ¹	Қалдырылатын сома (цифрлармен және жазумен)
<input type="checkbox"/> маржалық қамту	
<input type="checkbox"/> кейінгі міндеттемелерді орындау үшін	
<input type="checkbox"/> кепілдік жарналарды толықтыру	

¹ Керек нұсқаны × немесе ✓ таңбасымен белгілеу

Клирингтік қатысушы кейінірек жазылған басқа өтініш бермегеннен соң, осы өтініш қолданыста болады.

Клирингтік қатысушының атынан (трейдердің қолы, тегі, инициалдары)	Трейдердің қолтаңбасы тексерілді Тексерген Биржа қызметкерінің шеке мөртабаны, тексеру датасы)
---	--

Деривативтер нарығында
сауда-саттықтар бойынша
есептесулерді жүзеге асыру
ережелеріне

4 қосымша

Ақша аудару туралы

Ө К І М

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клирингтік қатысушының атауы)	Өкімнің берілген күні
	Өкімнің берілген уақыты
	Өкім қай күннен бастап қолданыста болады

Осы өкіммен жоғарыда аталмыш клирингтік қатысушы қазақстандық теңгелер келесі банктердегі келесі банктік немесе корреспонденттік шоттарға аударылуы тиістілігі туралы хабарлайды:

Банк/ шоттың деректемелері ¹	Аударылатын ақшаның сомасы

¹ Клирингтік қатысушының Биржаға ұсынған, банктік шоттың деректемелері.

Клирингтік қатысушы кейінірек жазылған басқа өкім бермегеннен соң, осы өкім қолданыста болады.

Клирингтік қатысушының атынан (трейдердің қолы, тегі, инициалдары)	Трейдердің қолтаңбасы тексерілді Тексерген Биржа қызметкерінің шеке мөртабаны, тексеру датасы)
---	--

Деривативтер нарығында
сауда-саттықтар бойынша
есептесулерді жүзеге асыру
ережелеріне

5 қосымша

Ақшаны қайтару туралы

ӨТІНІШ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

(клиринглік қатысушының атауы)	Өтініштің берілген күні
	Өтініштің берілген уақыты

Осы өтінішпен клиринглік қатысушы Биржадан келесі негіздермен Биржаның корреспонденттік шотында осы клиринглік қатысушы осының алдында сақтап қойған немесе аударған ақшасын қайтаруды өтінеді:

Биржаның корреспонденттік шотында ақшаның пайда болу негіздемесі ²	Қайтарылатын ақшаның сомасы (цифрмен немесе жазбаша)
<input type="checkbox"/> маржалық қамту	
<input type="checkbox"/> биржалық сауда-саттықтар бойынша артық аударылған ақшалар	
<input type="checkbox"/> осының алдында сақтауға қалдырылған ақшалар	

¹ Биржа клиринглік қатысушыларға ақшаны қайтаруды, Биржаға ұсынылған және осы өтініш беру датасына қолданыста болған, деректемелерге сәйкес клиринглік қатысушылардың банктік немесе корреспонденттік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

² Керек нұсқаны × немесе ✓ таңбасымен белгілеу.

Клиринглік қатысушының атынан (трейдердің қолы, тегі, инициалдары)	Трейдердің қолтаңбасы тексерілді Тексерген Биржа қызметкерінің шеке мөртабаны, тексеру датасы)
---	--